

Дәріс №5.

Тақырыбы: Шешендік сөздер

Жоспар:

1. Шешендік сөздер. Жиналуы және зерттелуі.
2. Жанрлық түрлері: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау
3. Қазақтың би-шешендері

Мақсаты: Шешендік сөздер туралы мағлұмат беру. Шешендік сөздердің қызметі мен қоғамдық мәніне үңілу. Жанрлық өзгешеліктеріне, шешендік сөздердің жиналу, зерттелу тарихына тоқталу. Жанрлық түрлеріне: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау туралы түсінік беру. Шешендік сөздердің көркемдік сипаты, ырғақты қара сөз бен өлең формасының аралас келуін түсіндіру. Қазақтың би-шешендері Майқы би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым т.б туралы шешендік сөздермен аңыздардың тұтастығына үңілу. Халық қазынасына айналған шешендік сөздердің авторын анықтау принциптерін, эстетикалық, тәрбиелік маңызын меңгерту.

Негізгі ұғымдар: шешендік сөздер, шешен, би, жанр, шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау.

Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер. Шешендік сөздер – ақындық айтыс секілді қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін негізгі жанрлардың бірі. Шешендік сөздер қазақ халқының даналық үлгісі болып табылады.

Әдетте, шешендік өнер айтыс – дауда дамиды. Сондықтан ердің, елдің тағдыры сөз болатын, соғыс - бітім секілді маңызды мәселелер қозғалатын сот залдары, парламент сарайлары және халық жиналатын ас тойлар, міне, шынайы шешендер, саяси қайраткерлер сөз сайысына түсетін, сыннан өтетін және шыңдалатын орындар – осылар болған. Дүние жүзіне есімдері әйгілі шешендердің, көбінесе, мемлекет қайраткерлерінен, заң қызметкерлерінен, парламент мүшелерінен шығатыны ешкімге құпия сыр емес. Мәселен, ежелгі Афин (грек) шешені Демосфен мен Рим шешені Цицерондар әуелгі адвокат, кейін парламент басшылары болған. Ал XIX – XX ғасырларда өмір сүрген орыс шешендері П.А. Александров, Ф.Н. Плевако, А.Ф.Кони тағы басқалар белгілі адвокаттар еді. Сол сияқты атақты қазақ шешендері Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Қаражігіт, Әйтекелер би болғаны мәлім.

Қазыбек биге бір адам «Кім жақын, не қымбат, не қиын» дегенге жауап беріңізші деп қиылыпты. Сонда атақты би былай деп жауап беріпті екен:

Тату болса – ағайын жақын,
Ақылшы болса – апайың жақын.
Бауырмал болса – інің жақын,
Инабатты болса – келінің жақын.
Сыйлас болса – нағашың жақын,
Адал болса – досың жақын,
Еркелейтін немерең жақын,

Жан серігің жас кезіңнен,
Бәрінен де әйелің жақын.
Алтын ұяң әйелің қымбат,
Құт – берекең атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат,
Туып – өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.
Арадан шыққан жау қиын
Таусылмайтын дау қиын,
Шанышқыласа сөз қиын,
Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын,
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өрт қиын.
Тентек болса ұл қиын,
Не істеріңді біле алмай,
Ашиды сонда бас – миың.

Қазыбек би бата бергенде былай депті:
Өркенім өссің десең,
Кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма –
Өскеніңді өшірерсің.
Басыңа іс түскен пақырға
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлыға,
Жәрдемші бол асыға.
Қиын – қыстау күндерде,
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба!

Қазыбек бидің баласы – Қазымбеттен, Қанай би туған. Қанайдан туған Қожабектің айтуына қарағанда, Қазыбек би Қанай туған 1764 жылы 97 жасында дүние салса керек. Сонда Қазыбек бидің туған жылы 1667 жыл болып шығады. Қаз дауысты Қазыбек бабамыздың денесі Түркістандағы Ахмет Яссауи ғимаратына жерленген.

Қазақтың шешендері мен шешендік өнеріне қазақ ауыз әдебиетін алғаш зерттеуші ғалымдар да назар аударған. «Билер сотының ертеден келе жатқан

халықтық түрі» туралы айта келіп Ш. Уәлиханов былай дейді: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сөйлеу арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес; тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті аттаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған. Сонымен, бұл би деген атақ келіп билік айтуға және төрелік сөз сөйлеуге патент сияқты нәрсеге айналған».

Ш.Уәлихановтың пікіріне қарағанда, қазақ қауымында би атағын алу үшін екі шарт: бірінші – әдет-ғұрып заңын жетік білу; екінші – шешендік қабілеті болу керек. Дәл осыған ұқсас пікірді Абай да айтады. «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күл төбенің басында күнде кеңес болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек. Іәм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек».

Шоқан мен Абай бұл пікірлерімен дау шешіп, билік - бітім сөз сөйлеу үшін әдет заңын білумен бірге шешендік өнер – патент сияқты маңызды рөл атқарғанын орынды көрсетеді.

Қазақтың шешендік-тапқырлық, нақыл сөздерін алғаш жинап, жариялаушы ғалымдардың бірі - белгілі педагог Ыбырай Алтынсарин. Ол өзінің «Киргиз хрестоматиясына» «Ізбасты», «Байұлы» «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен» дейтін тапқырлық – шешендік сөздерді енгізіп, оларды оқуға ұсынды. Балаларды тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбиелік мәнін дұрыс түсінген ағартушы оны кезінде қажетке жарата білген.

Қазақ шешендік сөздерін арнайы зерттеген бір еңбек Әмина Мәметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны» (1945) дейтін кандидаттық диссертациясы еді. Бұл зерттеулерінде ол қырқыншы жылдарға дейінгі жиналған материалдарды пайдалана отырып, қазақ шешендік сөздерінің мағынасын, ауыз әдебиетінде алатын орнын анықтады, оның жанр болып қалыптасуына, дамуына кезінде себі тиген белгілі шешендер мен шешен билер туралы мәліметтер келтірді.

Шешендік сөздер тарихы бірнеше кезеңге бөлінеді: 1. XII – XIII ғасыр – Майқы би, Аяз би. 2. XIV – XV ғасыр – Асан қайғы, Жиренше шешен. 3. XVI – XVIII ғасыр – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Қазақ шешендік өнері Майқы би мен Аяз биден басталады. Халық арасында «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген нақыл сөз содан қалған. Шешендер – «ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін», жауласқан елдің арасына бітім айтатын даналық сөздің иелері. Бөлтірік шешеннің айтуынша, тәтті де, ащы да сөз болған. Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау да ерекше айтып кеткен және жыраулардың шығармалары арнау, толғау сөздерге толы.

«Өнер алды - қызыл тіл» деп санаған халық ойын оралымды етіп қиыннан қиыстыра, шебер жеткізе білуді үлкен өнер санаған. Сондықтан да болар қазақ сахарасында алқалы топты аузына қаратқан от ауызды, орақ тілді шешендер аз болмаған. Не бір қиюы қашып, қисыны кеткен істерді ұтымды да ұшқыр сөздерімен тындырып, тоқтау-тыйым салып та отырған. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағиданы ұстаған халық қабақтың кәрінен қорықпаса да, сөздің «зәрінен» сескенген.

Шешендік өнер деп бағалаған халық аталы да баталы даналық сөздерді қадір тұтып, санада сақтап келген. Өйткені ғибратқа толы оның тәлім-тәрбиелік мәні де зор болған.

Сөйтіп, кемел одан туған кенеулі шешендік сөздер бірден-бірге ауысып, біздің заманымызға жеткен көп нұсқалы фольклорлық жанр, шешендік сөз қазақ даласында ұзақ уақыт танымдық та, саяси-әлеуметтік те қызмет атқарған. Себебі, екі адам арасындағы дау-дамайдан бастап, үлкен ел аралық мәселелерді де ың-шыңсыз бітіретін дуалы ауыз би- шешендердің дұрдана сөздері болғаны белгілі.

Алайда, қазақ шешендерінің сөздері ауыз екі айтылған, халық жадында сақталған. Сондықтан олар бастапқы қалпын сақтаған деп айту қиын. Шешендік сөздерді әу баста жеке адам айтқанымен, кейін ауызша тарап, көптің екшеп-елеуімен өткен, біртіндеп халықтық мұраға айналған.

Сан ғасырлық тарихы бар шешендік өнердің қай кезде шығып, қалай қалыптасқанын үзілді-кесілді айту қиын. Сөз жоқ, шешендік өнердің түп-төркіні тереңде екені даусыз. «Біздің заманымызға дейінгі YI ғасырда жасаған скиф ханзадасы Анахарсистің сөз өрнегіне, өмірі мен өнеріне көңіл аудармайтын болсақ, онда бұл қазақ шешендік өнерінің тарихы үшін де, оның байырғы өкілдерінің рухани мұрасы алдында да үлкен айып болар еді». Бұған қарағанда Анахарсистің пікір таласта айтқан шешендік толғамдарының мәні ерекше. Өйткені сол арқылы қазақ шешендік өнерінің де қайнар-бастауы әріден тартатынын аңғаруға болады. Сонау Анахарсис заманынан тамыр Халық шындық пен әділдікті жақтап, қара кылды қақ жарған би-шешендерді аса жоғары бағалаған.

Халық тарихында есімі ел аузында ғасырлар бойы сақталып келген әйгілі би-кемеңгерлер аз болмаған. Мәселен, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелер ел мүддесі мен халқының бірлік- бүтіндігін ойлап, әділ билік айта білген дара да дана тұлғалар. Жақсылықты, адамгершілікті жақтап көптің көкірегін оятып, көңілін таба білген. Бұлар елдің келешегі үшін күресіп, халықтың ыстық ілтипатына бөленген белгілі қайраткер, даңқты шешендер.

Алқалы топты ақыл-ойымен аузына қаратқан би- шешендерге халық кенде болмаған. Шоқан мен Абайдың айтуына қарағанда олардың ешқайсысы өкімет тарапынан арнайы сайлау арқылы тағайындалмаған. Өзінің ойы ұшқыр, тілге шешен екендігін келелі кеңесте көрсете алған адамды халық би деп таныған. Олар билік-бітімде біреуге бұра тартпай, үнемі әділ төрелігімен танымал болып отырған. Сондықтан халық шешендікті өнер деп жоғары бағаласа, екінші жағынан, елдің әлеуметтік өмірінде аса мәнді рөл атқарған.

Шешендіктің басты ерекшелігі - табанда тауып айтар тапқырлық. Шешендік сөз ұтымды логикаға құрылған, мағынасы терең, әрлі де нәрлі болып келеді. Бұл тартпастай дәйекті де дәлелді айтылуы қажет. Сөйтіп, шешендер даулы мәселені «ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешіп», тындырып отырған.

Шешендік сөздерді мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау және шешендік дау деп үшке бөледі. Белгілі бір адамға арнайы айтылған сөздер шешендік арнауға жатады. Төленің жас кезінде айтқан кесіміне разы болған, би оған былай бата береді:

Үй баласы ма деп едім,

Ел баласы екенсің.

Ай мандайлы арысым,

Талабын алдан өтелсін.

Ауылыңның таны бол

Мандайдағы бағы бол! - депті. Демек, шешендік арнау әзіл-сын, сәлем, бата-тілек түрінде айтылады.

Арнаудың бір түрі шешендік сын. Фольклорда шешендік сынның түрлері көп. Шешендік сынның ежелгі бір үлгілері Асанқайғы атынан жерге байланысты айтылады. Мәселен, Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен» десе, не Түндікті өзеніне: «Он екі қазылық ой Түндік, маңырап жатқан қой Түндік Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен», - сөздері жерге берілген баға – сын.

Бата-тілек түрінде айтылатын шешендік арнау да болады. Он жеті жастағы Жанқұттының тапқырлығына разы болған Шабанбай би оған:

Аллаға жағам десең азанды бол,

Ағайынға жағам десең қазанды бол.

Халқыңа жағам десең әділ бол,

Судай таза бол,

Жердей берік бол,

Өмірің ұзақ болсын,

Аймағың суат болсын.

Сөзің халқына қуат болсын, - деп батасын беріп аттандырған екен. Шешендік арнау бата түрінде ғана емес, кейде көңіл айтып жұбату үшін де айтылады. Қаза-қайғыны көтере білетін сабырлыққа шақырады. Шешендік арнаудан адамдардың көңіл-күйі, олардың арасындағы қарым-қатынас көрінеді.

Шешендік толғауды өмірдің сан түрлі қыры мен сырына халықтың көзқарасы көрінеді. Сонымен бірге келер ұрпаққа ғибырат боларлық аманат, нақыл-насихаты баяндалады. Мысалы:

Көрген сайын сіз десіп,

Сыйласқанға не жетсін?

Шашылғанды бірлесіп

Жинағанға не жетсін?

Желі тұрған оңынан,

Жеті өзеннен өтеді.

Адаспаған жолынан

Жеті таудан өтеді,

Арманына жетеді, - деген шешендік нақылды түзу жолдан адаспай, өмірді сыйластықпен береке-бірлікті сақтауды өнеге өсиет етеді.

Шешендік толғау: шешендік нақыл, шешендік мақал, шешендік мысал, шешендік жұмбақ және шешендік жауап болып беске бөлінеді. Шешендік нақыл ата-бабаларымыздың келер ұрпаққа айтып кеткен тәлім-тағылымы, үлгі-өсиеті. Өгізге ер салма, Қанатың талар. Наданға көзіңді салма, Сағын сынар. Досыңа өтірік айтпа, Сенімің кетер. Дұшпаныңа шыныңды айтпа, Түбіңе жетер. Төле бидің осы сөзінде мән жатыр. Дана шешен наданнан сағын сынбасын, досыңның сенімін жоғалтпа. Дұшпаныңа сыр алдырма дейді. Яғни адам қандай болу керектігін ашық насихат етеді. Шешендік нақылға жанамалап ақыл-кеңес береді. «Шанышқылаған сөз қиын, Пана болмас өз үйің», - деп ағайынның арасын ашып, сыйластықты бұзатын әдеттен сақ болуды меңзейді. Шешендік сөздердің мәні үлкен тұжырым болып келеді

Шешендік жұмбақ кейде әзіл-қалжың үстінде, кейде бір адамның пайым-парасатын байқау оның тапқырлығын сынап көру мақсатында айтылады.

Төле би тоқсан жасқа келгенде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере келеді. Елдің жақсылары, шешен-ойшылдары бас қосып әңгіме-дүкен құрып отырғанда:

Қаз дауысты Қазбегім келді. Бәрің түгел жиналдындар. Сендерге қояр он түрлі жұмбағым бар, соны шешіндер, - дейді Төле би.

Айтыңыз, айтыңыз.

Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Отырғандар таң-тамаша болады. Осындай жұмбақ бола ма?

Төке, бұл жұмбағыңызды мен шешейін, рұқсат етіңіз,- дейді Қаз дауысты Қазыбек.

Рұқсат, рұқсат.

Бір дегеніміз - бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніміз - егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніңіз үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Төрт дегеніміз төсектен безген жас жаман.

Бес дегеніміз - белсеніп шапқан жау жаман.

Алты дегеніміз - асқынып кеткен дерт жаман.

Жеті дегеніміз - жас келіншек жесір қалса сол жаман.

Сегіз дегеніміз - серпілмеген қайғы жаман.

Тоғыз дегеніміз торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.

Он дегеніміз оңалмас кәрілікке дауа болмас деген,- дейді Қазыбек.

Дәл тауып шештің. Ойы да тілі де жүйрік тұлпарым,- деп Төле би Қазыбекке разы болыпты. Шешендік толғаудың бір түрі болып табылатын шешендік жауап та сұрақ-жауап түрінде айтылады.

Шешендік дауда халық ішіндегі сан түрлі даулы мәселелер шешіледі. Шешендік дауларды мазмұнына қарай шартты түрде жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал және ар дауы деп беске бөледі. Ертедегі қазақ қоғамында жер дауы, жесір дауы, құн, мал дауларында дүние-мүлік, ар-намыс үшін талас-тартыстар болып отырған. Осы секілді халық ішіндегі үлкен-кішілі дау-дамайдың бәрін де ел алдында үлкен беделге ие би-шешендер елеп-екшеп әділ билік айтқан. Сөйтіп ел ішінің береке-бірлігін сақтауға күш салған.

Шешендік сөз құрылымына қарай екіге бөлінеді: термелі сөз және пернелі сөз. Құрылысы өлеңге ұқсас шешендік сөзді термелі сөз деп атайды. Шешендік терме сөзде сөйлемдердің ішкі мағыналық байланысына, ырғағына баса назар аударылады. Сондай-ақ, ұйқасып та, үндесіп те келуі керек. Мысалы:

Бәйге алмаған тұлпардан
Белі берік бесті артық.
Байламы жоқ шешеннен,
Үндемеген есті артық.
Параға алған түйеден,
Адалдан жиған ешкі артық.

Қара сөз түрінде айтылатын шешендік сөздерді пернелі сөз деп атайды. «Арлы-ожданды бол, елге деген парызынды ұмытпа, намысыңды жастан сақта. Халқыңды алалама, жақыныңды жаралама, қалысыңды қаралама!»

Ағайын бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бөліп бере алмайды. Жақсы болсаң күндейді, жаман болсаң жүндейді.

Шешендік сөз шындыққа негізделген дәлелді болуы керек. Жүйелі ой, шебер тілмен табанды тауып айтқан шешендік сөздер тыңдаушысын ұйытып, дау-шарда ұтып отырған. Халық даналығымен астасып жатқан шешендік сөздер белгілі адамдардың атынан айтылғандықтан, ауыз және жазба әдебиетке ортақ жанр десе де болады.

Тұжырым. Көркем тіл, көрікті ойды бойына жинақтаған шешендік сөздер табиғи дарындардың ауызша тудырған өнері. Ол ұзақ уақыт халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік өмірінде елеулі роль атқарған. Өйткені би-шешендер жөпелдемеде тапқырлық танытып, әрлі де нәрлі сөздері арқылы қиын істің қиюын таба білген. Бүгінгі таңда да шешендік сөздердің әдеби-эстетикалық мәні жоғары.

Бақылау сұрақтары

1. Шешендік сөздермазмұнына қарай неше түрге бөлінеді? Мысал келтіріңіз.
2. Қазақ шешендік сөздерін арнайы зерттеген Әмина Мәметованың қазақ билерінің шешендік сөздері туралы жазған еңбегі?
3. Шешендіктің басты ерекшелігі?
4. XII-XIII ғасырда өмір сүрген қазақ шешендік өнерінің өкілдерін білесіз бе?
5. Бата-тілек түрінде айтылатын шешендік арнауға мысал келтіріңіз.

6. Шешендік даулар мазмұнына қарай неше топқа бөлінеді?
7. Шешендік толғаудың неше түрі бар? Шешендік нақыл мен шешендік мақалдың тәрбиелік мәні?
8. Термелі сөз бен пернелі сөздің құрылысы?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, Ана тілі, 1991. – 288 б.
2. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. Хрестоматия, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Алматы, Рауан. 1990. – 240 б.
3. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. I том. Құраст. С.Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ.Әбдесұлы. Алматы: Қазақ университеті. – 2015. -276 б.
4. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. II том. Құраст. С.Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ.Әбдесұлы. Алматы: Қазақ университеті. – 2015. -276 б.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, Мектеп 1974.-380 б.
6. Дәдебаев Ж. Бөлтірік шешен. Шешендік сөздер. Алматы: Қазақ университеті, 2021.-302 б.
7. Дедебаев Ж. Жиренше шешен. Шешендік сөздер. Алматы: Қазақ университеті, 2021.-290 б.
8. Дәдебаев Ж. Майкөт Сандыбайұлының ақындығы. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 2020.-192 б.
9. Әбдіқұлова Р.М. Бөлтірік Әлменұлының поэтикасы. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 2023.-158 б.
10. Әбдіқұлова Р. Шешендік сөздердің көркемдік жүйесі. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 2023.-96 б.
11. Дәдебаев Ж. Шешендік өнер теориясының негіздері. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 2023.-286 б.
12. Смағұлова Г.Н., Күркебаева К.Қ., Жұмағұлова Ә.М. Шешендік сөздердің дискурсы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2023.-169 б.
13. Медеубекұлы С. Шешендік сөз. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2023.-152 б.